


14 12 арна
920140000143

1592 10 15/11/2013

14 12 арна
2906 1900 28/11/13

1961 10 10/11/2013



**«Capital Bank Kazakhstan»
Акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ**

2013 ж. «19» желтоқсанда
Акционердің №13-ОС/13
шешімімен бекітілген

АЛМАТЫ

«Capital Bank Kazakhstan» Акционерлік қоғамының (әрі қарай - Банк) осы Жарғысы оны Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкестендіру мақсатында әзірленген, және заңды тұлға ретінде Банк қызметінің қағидалары мен құқықтық жағдайын анықтайтын ресми құжаты болып табылады.

1 Бап. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Банктің ресми деңгейі заңды тұлғаның Банк ретінде Қазақстан Республикасының өкілетті мемлекеттік органдарында мемлекеттік тіркелуімен және уәкілетті органның банктік операцияларды жүргізуге лицензиясының бар болуымен анықталады. Банк акционерлік қоғам нысанында құрылған заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, жеке меншік құқығында ерекше мүлігі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауапты, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттемелерді иеленуіне және орындауына болады, сотта даушы және жауапшы бола алады.

1.2. Банк өз қызметін атқару барысында Қазақстан Республикасының Конституциясымен және заңдарымен, Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шарттармен (келісімдермен), сондай-ақ өздерінің қызыретіне жатқызылған мәселелер бойынша заңнамалық актілер мен Қазақстан Республикасының Президенті актілерінің негізінде және оларды орындау үшін шығарылатын уәкілетті органның және Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінен және осы Жарғыны басшылыққа алады.

2 Бап. БАНКТІҢ АТАУЫ, МЕКЕН-ЖАЙЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Банктің толық атауы:

- 1) Мемлекеттік тілде: «Capital Bank Kazakhstan» Акционерлік қоғамы;
- 2) Орыс тілінде: Акционерное общество «Capital Bank Kazakhstan»;
- 3) Ағылшын тілінде: Joint Stock Company « Capital Bank Kazakhstan».

2.2. Банктің қысқартылған атауы:

- 1) Мемлекеттік тілде: «Capital Bank Kazakhstan» АҚ;
- 2) Орыс тілінде: АО «Capital Bank Kazakhstan»;
- 3) Ағылшын тілінде: JSC « Capital Bank Kazakhstan».

2.3. Банктің мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Фурманов көшесі, 103.

2.4. Банктің меншік түрі – жеке.

2.5. Банктің ұйымдық-құқықтық нысаны – Акционерлік қоғам.

2.6. Банктің қызмет ету мерзімі – шектелмеген.

2.7. Банктің мөрі, штампы және өз атауы бар бланктары бар және өз қызметін атқару үшін қажет өзге де реквизиттері бар.

2.8. Банктің өз акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлкі болады және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Банк өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауап береді.

2.9. Акционерлер Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Банк қызметіне байланысты залалдарға тәуекел етеді.

2.10. Банк банктік қызметтік операцияларды жүргізудің жалпы шарттарын белгілейтін ережелер мен ішкі ережелер болған жағдайда ғана жүзеге асырады.

2.11. Өз қызметін үйлестіру, ортақ мүдделерді қорғау және білдіру, бірлескен жобаларды жүзеге асыру және өзге де ортақ міндеттерді шешу үшін Банк банкілер ассоциациялары мен одақтарына кіруге құқылы, сондай-ақ басқа банктермен бірлесе отырып кредит беруге және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып өзге міндеттерді шешуге байланысты бірлескен жобаларды іске асыру мақсатында банктер бірлескен қызметі туралы шарт негізінде консорциум құруға және басқа консорциумдар, қауымдастықтар жұмысына қатысуға құқылы.

2.12. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен және жеке тұлғалардың депозиттерін (салымдарын) коллективті міндетті кепілдік беру (сақтандыру) Фондымен жасалған келісіммен белгіленген шарттар негізінде, Банк жеке тұлғалардың депозиттерін (салымдарын) міндетті кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінің қатысушысы болып табылады.

2.13. Банк директорлар кеңесінің шешімі негізінде уәкілетті органның келісімінсіз Қазақстан Республикасының аумағында да, сонымен қатар одан тысқары жерлерде де өзінің оқшауланған бөлімшелерін - өз филиалдары мен өкілдіктерін ашуға және оларды қойылған ережелер шегінде құқықтармен қамтамасыз етуге құқылы.

3 Бап. БАНК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ

3.1. Банк қызметінің негізгі мақсаты болып, жаңа банктік продукттерді енгізу және банктік қызметті негізді жүзеге асару арқылы банктік операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде табыс

келтіруді болып табылады.

3.2 Банк ең клиенттерінің және банк-корреспонденттердің уақытша бос ақшаларын қаратады және тиімді пайдалады, сонымен қатар, соңғыларға Банктің лицензиясына сәйкес барлық Банк қызметерін және өз Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген басқа да қызметтерді ұсынады.

4 Бап. БАНК ҚЫЗМЕТІНІҢ ЗАТЫ

4.1. Уәкілетті органның лицензиясы болған жағдайда, және Қазақстан Республикасының банкілік заңнамасымен тиым салынбаған жағдайда, Банк қызметтердің кез-келген түрін атқаруға құқылы. Әсіресе, Банк келесі қызметтерді жүзеге асыруға құқылы:

- 1) депозиттерді қабылдау, заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;
 - 2) депозиттерді қабылдау, жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;
 - 3) банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;
 - 4) және және заңды тұлғалардың металл шоттарын ашу және жүргізу жатады, оларда осы тұлғаға тиесілі тазартылған бағалы металдардың және бағалы металдардан жасалған монеталардың нақты саны көрсетіледі;
 - 5) қосалма операциялар: қолма-қол ақшаны ұсақтауды, айырбастауды, қайта санауды, сұрыптауды, орауды және сақтауды қоса алғанда, оны қабылдауы және беруі;
 - 6) аударым операциялары: жеке және заңды тұлғалардың төлемдер және ақша аударымдары бойынша тапсырмаларын орындау;
 - 7) есепке алу операциялары: жеке және заңды тұлғалардың вексельдері мен өзге де борышкерлік міндеттемелерін есепке алу (дисконт);
 - 8) банктік заем операциялары: банкке, ипотекалық ұйымға, номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы бар брокерге және (немесе) дилерге және акцияларының бақылау пакеті мемлекетке немесе ұлттық холдингке не ұлттық басқарушы компанияға тиесілі заңды тұлғаға төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен ақшалай нысандағы кредиттер беру;
 - 9) шетел валютасымен айырбас операцияларын ұйымдастыру;
 - 10) банкшоттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау;
 - 11) төлем құжаттарын (вексельдерді қоспағанда) инкассоға қабылдау;
 - 12) аккредитив ашу (ұсыну) мен оны растау және ол бойынша міндеттемелерді орындау;
 - 13) банктердің ақшалай нысанда орындау көзделетін банк кепілдіктерін беруі;
 - 14) банктердің үшінші тұлғалар үшін ақшалай нысанда орындау көзделетін банк кепілдемелерін және өзге де міндеттемелерді беруі;
 - 15) тазартылған қымбат бағалы металдарды (алтын, күміс, платина, платина тобына жататын металдар) қайма күйінде, тазартылған қымбат бағалы металдардан жасалған монеталарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;
 - 16) құрамында бағалы металдар мен асыл тастар бар зергерлік бұйымдарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;
 - 17) вексельдермен жасалатын операциялар: вексельдерді инкассоға қабылдау, төлемшілердің вексельдерді төлеуі жөнінде қызметтер көрсету, сондай-ақ делдалдық тәртібімен домицилденген вексельдерді, вексельдер акцептін төлеу;
 - 18) лизинг қызметін жүзеге асыру;
 - 19) өзінің бағалы қағаздарын (акцияларды қоспағанда) шығару;
 - 20) факторингтік операциялар: тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушыдан төлемсіз тәуекел етіп қабылдай отырып, төлем жүргізуді талап ету құқығын алу;
 - 21) форфейтингтік операциялар (форфетингтеу): тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушының қарыз міндеттемесін сатушыға айналым түспейтін жолмен вексель сатып алу арқылы төлеу;
 - 22) сенімгерлік операциялар: сенімгердің мүддесіне және тапсырмасы бойынша ақшаларды, ипотекалық қарыздар және тазартылған қымбат бағалы металдар бойынша талап ету құқықтарын басқару;
 - 23) сейфтік операциялар: сейфтік жәшіктерді, шкафтарды және бөлмелерді жалға беруді қоса алғанда, құжаттандырылған нысанда шығарылған бағалы қағаздарды, клиенттердің құжаттары мен құндылықтарын сақтау бойынша қызметтер.
- 4.2. Банк бағалы қағаздар нарығында мынадай кәсіби қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы:
- 1) Қазақстан Республикасының және рейтингтік агенттіктердің бірінің ең төменгі талап етілетін рейтингін алған елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен не онсыз уәкілетті органның шешімі бойынша мемлекеттік бағалы қағаздармен, базалық активтерінің тізбесі мен оны сатып алу тәртібін

уәкілетті орган белгілейтін туынды бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен - брокерлік;

2) Қазақстан Республикасының және рейтингтік агенттіктердің бірінің ең төменгі талап етілетін рейтингтік деңгейі елдердің бағалы қағаздарымен не онсыз уәкілетті органның шешімі бойынша мемлекеттік бағалы қағаздармен, сондай-ақ базалық активтерінің тізбесі мен оны сатып алу тәртібін уәкілетті орган белгілейтін туынды бағалы қағаздармен, Қазақстан Республикасының «банктер және банк қызметі туралы» Заңын (әрі қарай – Банк туралы Заң) 8-бабында белгіленген жағдайларда өзге де бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен - дилерлік;

3) кастодиандық;

4) трансфер-агенттік.

Банк бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметтің жоғарыда аталған бір немесе бірнеше үйлестірісіншіліктерін жүзеге асыруына лицензияны уәкілетті орган береді.

5 Бап. БАНКТИҢ АКЦИОНЕРЛЕРІНИҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Банктің акционері құқылы:

1) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында (әрі қарай – АҚ туралы Заң және (немесе) Банк Жарғысында көзделген тәртіппен Банкті басқаруға қатысуға;

2) Дивидендтер алуға;

3) Банктің қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысында немесе осы жарғыда белгіленген тәртіппен Банктің қаржы есептілігімен танысуға;

4) Банктің тіркеушісінен немесе нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үш нұсқа көшірмелер алуға;

5) Банк акционерлерінің жалпы жиналысына Банктің директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатура ұсынуға;

6) Банктің органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дауласуға;

7) Банкке оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және Банкке сауал келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

8) Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, АҚ туралы Заңның 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына қоғамның лауазымды адамдарының қоғамға келтірілген залалдары қоғамға өтеуі және қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасау (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;

9) Банк таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы АҚ туралы Заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Банк акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқылы.

5.2. Банктің Ірі акционердің, сондай-ақ:

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;

2) директорлар кеңесіне АҚ туралы Заңға сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;

3) директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

4) өз есебінен аудиторлық ұйымның Банк аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.

5.3. Акционерлердің АҚ туралы Заңда 14 баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

5.4. Банк акционерінің міндеттері:

1) акцияларды төлеуге;

2) осы акционерге тиесілі акцияларды Банктің тіркеушісіне және нақтылы ұстаушыға Банктің акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;

3) Банк немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

4) АҚ туралы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

6 Бап. БАНКТИҢ КЛИЕНТТЕРМЕН

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

- 6.1. Банк клиенттің бірінші талап етуі бойынша банк операцияларын жүргізудің жалпы шарттар туралы ережесін беруге міндетті.
- 6.2. Банктің клиентке банк операциясын жүргізуге байланысты ықтимал тәуекелдер туралы ақпарат беруден бас тартуға құқығы жоқ.
- 6.3. Банк операцияларын жүргізуге берілген лицензияның тиісті дәрежеде куәландырылған көшірмесі банк клиенттері көруіне оңтайлы жерге орналастырылуы тиіс.
- 6.4. Банкілер арасындағы, сондай-ақ Банкпен оның клиенттері арасындағы қатынастар, егер Қазақстан Республикасының Заңдарында өзгеше көзделмесе, шарттар негізінде жүзеге асырылады.
- 6.5. Қазақстан Республикасы заңнамасында ақшаға иелік етуге шектеу көзделген жағдайлардан басқа, Банк клиенттің өз ақшасына кедергісіз иелік жасау құқығына кепілдік бере отырып, шотта бар ақшаны пайдалана алады.
- 6.6. Ұйымдармен азаматтардың Банкте жайғастырылған ақшаларына және басқа да бағалы заттарына Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда ғана арест салынуы және өндіріп алынуы мүмкін.
- 6.7. Банк өкілетті депозиторларының, клиенттері мен корреспонденттерінің операциялары мен депозиттері жөніндегі елділігіне, сондай-ақ банктің сейф жәшіктерінде, шкафтары мен үй-жайларында сақтаулы жатқан мүліктердің құпиясына кепілдік береді.
- 6.8. Банк елділігін құрайтын мәліметтер Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес тек уәкілетті органдарға ашылуы мүмкін.

7. БАП, ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ, БАНКТІҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ, БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ҰСТАУШЫЛАРЫДЫҢ ТІЗІЛІМДЕР ЖҮЙЕСІ, ТАЗА КІРІСТІ ҮЛЕСТІРУ РЕТІ, АКЦИЯЛАР БОЙЫНША ДИВИДЕНТТЕР

- 7.1. Банктің жарғылық капиталы құрылтайшылардың (жалғыз құрылтайшының) акцияларды олардың нақтылы қолы бойынша және инвесторлардың АҚ туралы Заңында белгіленген талаптарға сәйкес айқындалатын орналастыру бағалары бойынша төлеуі арқылы қалыптастырылады және ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен көрсетіледі.
- 7.2. Банктің жарғылық капиталын ұлғайту Банктің жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.
- 7.3. Банк акциялар, облигациялар және басқа бағалы қағаздарды шығаруға құқылы. Бағалы қағаздарды шығарудың, тіркеудің және орналастырудың реті Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы заңнамасымен. Банк айырбасталатын бағалы қағаздар шығаруға құқылы.
- 7.4. Банк жай акциялар және артықшылықты акциялар шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады және атаулы бағалы қағаз болып табылады.
- 7.5. Акция Банкпен шығарылатын бағалы қағаз болып табылады және акцияның түріне байланысты Банкті басқаруға қатысу, ол бойынша дивиденд және Банк таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді. Жай акция дауыс беруге енгізілетін барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, Банкте таза табыс болған жағдайда дивидендтер, сондай-ақ Банк таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.
- 7.6. Артықшылықты акциялардың меншік иелері дауыс беру құқығына иеленбейді және төменде белгіленген жағдайларды қоспағанда, Банкті басқаруға қатысу құқығын иеленбейді, егер:
 - 1) Банк акционерлерінің жалпы жиналысы шешімі бойынша артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселені қараса. Шектеу қою үшін орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екі бөлігі жақтап дауыс берген жағдайда ғана мұндай мәселе бойынша шешім қабылданды деп есептеледі;
 - 2) Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банкті қайта ұйымдастыру не тарату туралы мәселені қараса;
 - 3) артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап үш ай ішінде толық мөлшерінде төленбесе.
- 7.7. Артықшылықты акция бойынша дивидендтің кепілдікті мөлшері оның мәні тұрақты және жалпы қолжетімді болған жағдайда қайсыбір көрсеткішке қатысты белгіленген түрінде де, индекстеу арқылы да белгіленуі мүмкін.
- 7.8. Банк, Қазақстан Республикасының қазіргі заңнамасымен қойылған талаптарды сақтай отырып, Банкпен шығарылатын акцияларды сатып алуға опциондар жасауға құқылы.
- 7.9. Банктің бағалы қағаздарын кепілге салу Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

7.6. Банк өзі орналастырған бағалы қағаздарды тек Қазақстан Республикасының Заңнамасында көрсетілген жағдайларда ғана кепілге қабылдай алады.

7.11. Банк бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу, қалыптастыру және сақтау жұмыстарын тіркеуші жүзеге асыра алады.

7.12. Эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтардың дәлдігі бағалы қағаз ұстаушыларының тізілімдер жүйесінде немесе орталық депозитарийдің жүйесінде бағалы қағаз ұстаушыларының жеке есеп шотынан үзіндіні көрсету жолымен орындалады.

7.13. Банктің таза кірісі (салықты және басқа да міндетті төлемдерді бюджетке төлегеннен кейін) Банк қарамағында қалады және акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен анықталған ретте үлестіріледі, сонымен қатар дивиденділер төлеміне жіберіледі. Қалған бөлігі Банкті дамытуға немесе акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен қаралған басқа да мақсаттарға жіберіледі.

7.14. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді қоспағанда, Банктің акциялары бойынша дивидендтер акционерлердің жалпы жиналысында Банктің дауыс беретін акцияларының жай көпшілігімен дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда ақшалай немесе Банктің бағалы қағаздарымен төленеді. Банктің акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтер төлеуге акционердің жазбаша келісімі болған кезде осындай төлем Банктің жарияланған акцияларымен және ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылатын жағдайда ғана жол беріледі. Дивидендтерді алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтер төлеу басталатын күннің алдындағы күні жасалуға тиіс.

7.15. Орналастырылмаған немесе Банктің өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банкті тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

7.16. Акционерлерінің жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдап, оны қабылдаған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына міндетті түрде жариялауға құқылы.

7.17. Банктің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер келесі жағдайларда төленбейді:

- 1) өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер Банктің өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;
- 2) егер Банк Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер Банкта оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса;

8 Бап. БАНКТИҢ РЕЗЕРВТІК КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ ҚОРЛАРЫ

8.1. Банк өз қызметін жүзеге асыруға байланысты залалдардың орнын жабу мақсатында, жай акциялар бойынша дивидендтер төленгенге дейін, Банктің таза кірісі есебінен құралатын, резервтік капитал құрады.

8.2. Резервтік капиталдың мөлшері акционерлердің Жалпы жиналысымен қойылады, бірақ заңмен қойылған мөлшерден төмен болмауы керек. Резервтік капиталға аударымдардың мөлшері акционерлердің Жалпы жиналысымен шешіледі, бірақ уәкілетті органның минимумынан кем болмауы тиіс.

8.3. Банк өз қызметін жүзеге асыруға қажетті қорлар құруға құқылы. Жинақ Қорын құрған жағдайда, ол таза кірістен акционерлердің Жалпы жиналысымен бекітілген мөлшерде аударымдар жасау жолымен құрылады және үлкен салымдарды қаржыландыруға пайдаланылады. Тұтыну Қорын құрған жағдайда, ол таза кірістен акционерлердің Жалпы жиналысымен бекітілген мөлшерде аударымдар жасау жолымен құрылады және Банк қызметкерлерінің әлеуметтік мәселелерін шешу үшін, өзіндік құнына кірмейтін банк шығындары бойынша төлемдер үшін, Банк қызметкерлеріне қарыз, демеушілік көмек беру үшін және басқа қажеттіліктер үшін пайдаланылады.

8.4. Жүргізіліп жатқан операциялардың сипаты мен ауқымына сәйкес өз қызметін бақылауды және оның сенімділігін тиісті дәрежеде қамтамасыз ету мақсатында Банк күдікті және сенімсіз талаптарды бөле отырып және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес уәкілетті орган белгілейтін тәртіп пен шарттар бойынша оларға қарсы провизия (резервтер) жасай отырып, берілген несиелер мен басқа да активтерді классификациялауды жүзеге асырады.

8.5. Директорлар Кеңесі Банк капиталдары және қорлары туралы, акционерлердің Жалпы жиналысымен бекітілетін Ережелерді жасайды.

8.6. Директорлар Кеңесі капиталдар және қорлар қаражаттарын қайта үлестіру туралы ұсыныстар беруге құқылы. Мұндай қайта үлестірулердің қорытындысы акционерлердің Жалпы жиналысымен бекітіледі.

9 Бап. БАНК ОРГАНДАРЫ

9.1. Мыналар Банк органдары болып табылады:

- 1) жоғары орган - акционерлердің жалпы жиналысы (барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге тиесілі жағдайда - сол акционер);
- 2) басқару органы - директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган - Банк Басқармасы;
- 4) бақылау органы - Ішкі аудит қызметі.

10 Бап. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ, ҚҰРУ ТӘРТІБІ, ҚҰЗІРЕТТІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

10.1. Акционерлердің жалпы жиналысы Банкінің жоғары органы болып табылады.

10.2. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

Банк акционерлердің жылдық жалпы жиналысын жыл сайын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

10.3. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында: Банкінің жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі, аяқталған қаржы жылы үшін таза кірісін бөлу тәртібі және бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшері айқындалады, акционерлердің Банкінің және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне етініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады.

Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесінің және Банк Басқармасының мүшелеріне сыйақы беру мөлшері және олардың құрамы туралы Банкінің акционерлеріне хабарлайды.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы олар бойынша шешімдер қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа мәселелерді де қарауға құқылы.

10.4. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейінгі жылдың 1 (бірінші) сәуіріне дейін өткізілуге тиіс.

Есепті кезең ішінде Банкінің аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады.

10.5. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:

- 1) Банк жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Банкіні ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Банкінің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Банкінің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Банкінің бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
- 6) Банкінің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;
- 8) есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
- 10) Банкінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
- 11) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
- 12) Банкінің есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Банкінің бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- 13) Банкінің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
- 14) Банк акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 15) Банкіге тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Банкінің өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
- 16) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Банкінің акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында беру туралы шешім қабылдау;
- 17) Банк акцияларды АҚ туралы Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);

- 18) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 19) акционерлерге Банк қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде, егер мұндай тәртіп осы Жарғыда белгіленбесе, бұқаралық ақпарат құралын анықтау;
- 20) шешім қабылдау осы Жарғыда және АҚ туралы Заңда акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.
- 10.6. Осы Жарғының 10.5. – тармағының 1)-3) және 14) тармақшаларында аталған мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады. Егер АҚ туралы Заңда және (немесе) осы Жарғыда және өзгеше белгіленбесе, акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері Банкінің дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.
- 10.7. Егер осы Жарғыда өзгеше белгіленбесе, акционерлердің жалпы жиналысы Банкінің ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Банкінің өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.
- 10.8. Егер АҚ туралы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды адамдардың және Банк қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.
- 10.9. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын директорлар кеңесі шақырады.
- 10.10. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы:
- 1) директорлар кеңесінің;
 - 2) ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.
- Ерікті түрде таратылу процесіндегі Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын Банкінің тарату комиссиясы шақыруы, әзірлеуі және өткізуі мүмкін.
- 10.11. Акционерлердің жалпы жиналысын әзірлеу мен өткізуді:
- 1) Басқарма;
 - 2) өзімен жасалған шартқа сәйкес Банк тіркеушісі;
 - 3) директорлар кеңесі;
 - 4) Банкінің тарату комиссиясы жүзеге асырады.
- 10.12. Банкінің органдары акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақырудың АҚ туралы Заңда белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, акционерлердің жылдық жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.
- 10.13. Егер Банк органдары акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы Банкінің ірі акционерінің талабын орындамаса, акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы оның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.
- 10.14. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талап Банкінің Басқармасы орналасқан жеріне тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы директорлар кеңесіне қойылады, онда мұндай жиналыстың күн тәртібі болуға тиіс.
- 10.15. Директорлар кеңесі аталған талапты алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шешім қабылдауға және осындай шешім қабылданған кезден бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы талапты қойған адамға акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы не оны шақырудан бас тарту туралы хабарлама жіберуге міндетті.
- 10.16. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Банк акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі деректер негізінде Банкінің тіркеушісі жасайды. Аталған тізімді жасау күні жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбеуі керек. Акционерлердің тізіміне енгізілуге тиісті мәліметтерді уәкілетті орган белгілейді.
- 10.17. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімі жасалғаннан кейін, осы тізімге енгізілген тұлға Банкінің оған тиесілі дауыс беретін акцияларын иеліктен айырса, акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге ауысады. Бұл орайда акцияға меншік құқығын растайтын құжаттар табыс етілуіне тиіс.
- 10.18. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау не жазбаша хабарлама жолдау арқылы акционерлерге жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен кешіктірілмей хабарлануға тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламасында АҚ туралы Заңның 41 баптың 3 тармағында көрсетілген мағлұматтар болуы тиіс.
- Миноритарлық акционер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер

Бойынша шешімдер қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында Банкінің тіркеушісіне өтініш жасауға құқылы. Миноритарлық акционердің өтініш беру және Банк тіркеушісінің басқа акционерлерге ақпарат тарату тәртібі бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі шартта белгіленеді.

10.19. Акционерлердің жалпы жиналысын қайталап өткізуді акционерлердің бастапқы (болмай қалған) жалпы жиналысы белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте тағайындауға болмайды, акционерлердің болмай қалған жалпы жиналысы белгіленген жерде өткізілуге және күн тәртібінің акционерлердің болмай қалған жалпы жиналысының күн тәртібінен айырмашылығы болмауға тиіс.

10.20. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін директорлар кеңесі жасайды және онда талқылауға ұсынылатын мәселелердің нақты тұжырымдалған толық тізбесі болуға тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі толықтырылатыны Банк акционерлеріне жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірілмей хабарланған жағдайда, ірі акционер немесе директорлар кеңесі күн тәртібін толықтыруы мүмкін, және егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын және Банкінің дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда кемінде төрттен бес процентін иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі енгізуді жинақтап дауыс берсе, күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысын ашу кезінде директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту жөнінде өзі алған ұсыныстар туралы баяндауға міндетті.

10.21. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту қоғамның жиналыста өкілдік еткен дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын жағдайда акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды. Күн тәртібінде: «әр түрлі», «өзге», «басқалары» деген сөздерді қоса алғанда, жалпылама ұғымдағы тұжырымдамаларды және осыларға ұқсас тұжырымдамаларды пайдалануға тыйым салынады.

10.22. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдауға қажетті ақпарат болуға тиіс. Банкінің органдарын сайлау мәселелері бойынша материалдарда ұсынылып отырған кандидаттар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған ақпарат болуға тиіс. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар қоғамның жылдық қаржы есептілігі, жылдық қаржы есептілігіне аудиторлық есеп, директорлар кеңесінің аяқталған қаржы жылындағы Банкінің таза табысын бөлу тәртібі және Банкінің бір жай акциясына шаққандағы жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары, акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге бастамашының қалауы бойынша өзге де құжаттар бойынша материалдар қамтылуға тиіс.

10.23. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар акционерлер танысуы үшін Банк Басқармасы орналасқан жерде жиналыс өткізілетін күннен он күн бұрын дайын әрі қол жетімді болуға тиіс, ал акционердің сауал салуы болған кезде - сауал салу алынғаннан кейін оған үш жұмыс күні ішінде жіберілуге тиіс.

10.24. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуге тиіс. Қазақстан Республикасының заңдарына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін білдіруге құқығы бар тұлғадан акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

10.25. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және оның дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ. Акционерлердің жалпы жиналысына өзге адамдар шақырусыз қатыса алмайды.

10.26. Акционерлердің жалпы жиналысы АҚ туралы заңына сәйкес кворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады. Барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабарланған және жиналыстың ашылу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысы хабарланған уақытынан ерте ашылмауы керек.

10.27. Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлайды. Акционерлердің жалпы жиналысы ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын белгілейді. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционердің бір дауысы болады, ал шешім қатысушылар санының жай көпшілік даусымен қабылданады. Жиналысқа қатысушы акционерлердің барлығы Банк Басқармасына кіретін жағдайларды қоспағанда, Банк Басқармасының мүшелері акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

10.28. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің жалпы жиналысының қағазтамасында көрсетілген мәліметтердің толық және дұрыс болуы үшін жауап береді.

10.29. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру:

1) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санын шектеуді;

2) директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беруді;

3) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір адамға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беруді қоспағанда, "бір акция - бір дауыс" принципі бойынша жүзеге асырылады.

10.30. Дауыс беру қорытындылары бойынша акционерлердің жалпы жиналысында дауысты көрсетуге уәкілетті тұлға акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қоса тіркелуге тиіс дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасап, оған қол қояды. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасалып, оған қол қойылғаннан кейін қатысып дауыс беру үшін толтырылған, соның негізінде хаттама жасалған бюллетеньдер хаттамамен бірге тігіледі және Банкінің мұрағатына сақтауға тапсырылады.

10.31. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс берумен) бірге не акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін.

Сырттай дауыс беруді өткізген кезде дауыс беру үшін бірыңғай нысандағы бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға жіберіледі (таратылады). Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілетін күннен бұрын қырық бес күннен кешіктірмей жіберілуге тиіс.

Сырттай дауыс беру кезінде Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамалардың талаптары сақталуы тиіс.

10.32. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлерге акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он күн ішінде оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау немесе әрбір акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарланады.

10.33. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасатып, қол қойылуға тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында АҚ туралы Заңның 52 баптың 2 тармағында көзделген мәліметтер көрсетілуі тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқа мүшелері) және хатшысы, есеп комиссиясының мүшелері, Банкінің дауыс беретін акцияларының он және одан да көп процентін иеленетін және акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан акционерлер қол қоюға тиіс. Хаттамаға қол қоюға міндетті адамның қол қоюға мүмкіндігі болмаған жағдайда, өзіне берілген сенімхат негізінде оның өкілі хаттамаға қол қояды. Хаттамаға қол қоюға уәкілетті адамдардың біреуі хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, ол адам бас тарту себебіне жазбаша түсініктеме бере отырып, оған қол қоядан бас тартуға құқылы, ол хаттамаға қоса тіркелуге тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығына берілген сенімхаттармен, сондай-ақ хаттамаға қол қоюмен және хаттамаға қол қоядан бас тарту себептерінің жазбаша түсініктемелерімен бірге тігіледі. Аталған құжаттар атқарушы органда сақталуға және танысу үшін акционерлерге кез келген уақытта берілуге тиіс. Акционердің талап етуі бойынша оған акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

11 Бап. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

11.1. АҚ туралы Заңда және (немесе) Банкінің жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, директорлар кеңесі қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

11.2. Мынадай мәселелер директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады:

1) Банк қызметінің басым бағыттарын және Банкінің даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда қоғамның даму жоспарын бекіту;

2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Банкінің орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

- 1) Банкінің жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
 - 2) директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
 - 3) Банкінің облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
 - 4) Банк Басқармасының сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін (атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамды) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 5) Банк Басқармасының басшысы мен мүшелерінің (атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамның) лауазымдық айлық ақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;
 - 6) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
 - 7) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйлықақы шарттарын айқындау;
 - 8) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Банкінің акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
 - 9) Банкінің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында Банк Басқармасы қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және Банкінің бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
 - 10) Банкінің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
 - 11) Банкінің басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;
 - 12) Банкінің міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;
 - 13) Банк немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;
 - 14) ірі мәмілелер және жасалуына Банк мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;
 - 15) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті Банкке тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
 - 16) АҚ туралы Заңда және (немесе) осы Жарғыда көзделген, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.
- 11.3. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жататын мәселелерді Банк Басқармасының шешуіне беруге болмайды.
- 11.4. Осы Жарғыға сәйкес Банк Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша директорлар кеңесінің шешім қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.
- 11.5. Жеке адам ғана директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.
- Директорлар кеңесінің мүшелері:
- 1) акционер - жеке адамдар;
 - 2) директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) адамдар;
 - 3) Банкінің акционері болып табылмайтын және директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке адамдар арасынан сайланады.
- 11.6. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша бір кандидатты жақтап толық дауыс беруге немесе оларды директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидат арасында бөліп беруге құқылы. Ең көп дауыс санын алған кандидаттар директорлар кеңесіне сайланған болып есептеледі. Егер директорлар кеңесінің мүшелігіне екі немесе одан да көп кандидат тең дауыс санын алса, бұл кандидаттарға қатысты қосымша дауыс беру өткізіледі.
- 11.7. Банкінің акционері емес және акционердің мүдделерін білдіруші өкіл ретінде директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке адам директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлана алады. Мұндай адамдар саны директорлар кеңесі құрамының елу процентінен аспауы керек. Банк Басқармасының басшысынан басқа мүшелері директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Банк

- Басқармасының басшысы директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.
- 11.8. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс. Банкінің директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуға тиіс.
- 11.9. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді.
- Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі акционерлердің жаңа директорлар кеңесін сайлау өткізілетін жалпы жиналысын өткізу кезінде аяқталады.
- Акционерлердің жалпы жиналысы директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.
- 11.10. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады.
- Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған күннен бастап тоқтатылады.
- Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған кумулятивтік дауыс тәртібімен жүзеге асырылады, бұл орайда директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі аталған жағдайда директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.
- 11.11. Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен жасырын дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады.
- Егер Банк жарғысында өзгеше көзделмесе, директорлар кеңесі төрағаны кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы.
- Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді.
- Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын директорлар кеңесінің шешімі бойынша директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.
- 11.12. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Банк Басқармасы бастамасы бойынша, не:
- 1) директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
 - 2) ішкі аудит қызметінің;
 - 3) Банкқа аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
 - 4) бірі акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.
- 11.13. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап директорлар кеңесінің төрағасына директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы жасайлады.
- Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен, Банк Басқармасына жүгінуге құқылы, ол директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің отырысын директорлар кеңесінің төрағасы немесе Банк Басқармасы шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс. Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.
- Отырыстың күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша материалдарды берумен директорлар кеңесінің отырыстарын жүргізу туралы жазбаша хабарламалар директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізу күніне дейін үш күннен кешіктірілмей жеткізілуі тиіс.
- 11.14. Директорлар кеңесі мүшелеріне директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібі директорлар кеңесімен анықталады.
- Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы Банк Басқармасына алдын ала хабарлауға міндетті.
- 11.15. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауға тиіс. Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы Жарғыда белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін директорлар кеңесі акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің мұндай кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.
- 11.16. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір даусы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер АҚ туралы Заңда және осы жарғыда өзгеше көзделмесе, директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.
- Дауыстар саны тең болған кезде директорлар кеңесі төрағасының немесе директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адам дауысы шешуші дауыс болып табылады.
- 11.17. Директорлар кеңесі директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 11.18. Банкінің ішкі құжаттарында директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша

Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдау мүмкіндігі және осындай шешімдерді қабылдау тәртібі көзделуі мүмкін.

19. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалып, оған отырыста Төрағалық өткен адам мен директорлар кеңесінің хатшысы қол қоюға және онда:

1) Банк атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;

2) Отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;

3) Отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;

4) Отырыстың күн тәртібі;

5) Дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс берудің қорытындылары;

6) Қабылданған шешімдер;

7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуға тиіс.

20. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдер Банкінің мұрағатында сақталады.

12 Бап. БАНК БАСҚАРМАСЫ

2.1. Банк Басқармасы Банкінің акционерлер жалпы жиналысы мен директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған Банкінің ағымдағы қызметі барысында кез келген мәселесі бойынша шешім қабылдауға құқылы Банкінің атқарушы органы болып табылады.

Банк Басқармасы акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

2.2. Банк Басқармасы 2 (екі) мүшеден кем емес және 10 (он) мүшеден көп емес болуы тиіс және оның мүшелері үш жылдық мерзімге директорлар кеңесімен сайланады. Банкінің акционерлері және оның акционерлері болып табылмайтын қызметкерлері Банк Басқармасының мүшелері бола алады. Банк Басқармасының басшысы Төраға болып табылады. Банк Басқармасының Төрағасы атқарушы орган басшысының не басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функциясын жеке дара жүзеге асыратын адамның лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

2.3. Қазақстан Республикасының заңына және осы Жарғыға сәйкес Банк Басқармасының құрылуы, өкілеттілігі және оның мерзімнен бұрын уәкілеттігін тоқтату директорлар кеңесінің шешімімен жүзеге асырылады.

